

**Эмоциялық және қимыл
– қозғалыстық
бұзылыстардың
клиникалық мінездемесі**

I. Эмоциональды сфера, негізгі ережесі, мақсаты және міндеті.

Эмоция – (латын тілінен алғанда emotio – толқытамын) – адамның қоршаған орта құбылыстарына, және де өзіне деген көзқарасын білдіретін психикалық үрдіс.

Психикалық қызметтер құрылысын қарастырғанда адамдар тек түйсініп, ойлап, еске түсіріп, әрекет етіп, сезініп қоймай , субъективті күй ляззат алу, қуану, масаттану, қорқу, ашыну, ашу – ыза, таң қалу, қайғыру, тәубаға келу , өкіну күйлерін кешетіні анықталды.

Эмоцияның *басты қызметі*, кез келген психикалық қызмет тәрізді шындықты бейнелеу. Эмоциональды қызмет нәтижесі тітіркендіргіш орналасуын, қасиетін, механизмін және басқа параметрлерін анықтап жатпай – ақ оның ағзаға зиян немесе пайдасын көрсете отырып ағзаның оларға субъективті жылдам жауабын қамтамасыз етеді.

Эмоцияларға байланысты бұзылған тепе – теңдік, гомеостазды қалыптастыруға бағытталған қимыылдық және жүріс тұрыстық реакциялар қосылады. Эмоция адам тұлғасының ядросына жақын екенін және тұлғаны тұтастай бейнелейді.

III. Эмоциональді сфера бұзылысының жіктелуі

Эмоцияның жіктелуі

Оң эмоциялар – қуаныш, қанағат болу сезімі.

Теріс эмоциялар – ашулану, тітіркену, уайым, мақсатқа жетудегі кедергілердің болуы.

Эпикритикалық (қыртысты) – эстетикалық, этикалық, адамгершілік сезімдер.

Протопатиялық (қыртыс асты) – аштық, шөлдеу сезімін қанағаттандыру, жыныстық сезім.

Эмоцияның жіктелуі

□ Стениялық – мақсатқа жетудегі күшті мобилизациялайтын активті белсенділік, күреске бағытталған сезімдер.

□ Астениялық - төмен белсенділік, сенімсіздік, күдіктену сезімі.

Өзіндік реттелу (саморегуляция) кері байланыс принципі бойынша іске асады.

Егер ағзаның қандай да бір қажеттілігі қанағаттандырылған болса, онда оң эмоция пайда болады.

Медицинада *реконвалесцент эйфориясы*

деген түсінік қолданылады. Бұл жедел дертті жағдайды басынан өткерген, қызба ұстамасынан шығу жағдайындағы адамда болатын көтеріңкі көңіл – күй. Ауыр ауру сезімін басуда эйфория туғызады.

Эмоциялық көріністер төмендегідей бөлінеді:

1. Эмоциялық жағдай;
2. Эмоциялық реакция;
3. Эмоциялық қарым – қатынас.

Эмоциялық жағдай

Эмоциялық жағдай ұзақ уақыт сақталатын белгілі бір жүйкелік – психикалық тонус болып табылады. Эмоциялық жағдайларға ең алдымен жалпы бейтарап сипаттағы, бірақ ағзадағы жайлылық немесе жайсыздық жағдайын бейнелейтін адам көңіл – күйін жатқызамыз. Сонымен қатар, көңіл – күй қалыпты жағдайда адамның әрқилы күйзелістері мен әсершілдігіне байланысты тербелмелі болып келеді. Патологиялық жағдайда көңіл – күй кенет өзгеріп, көтерілуі немесе төмендеуі мүмкін.

Көтеріңкі көңіл – күй маниакальды жағдайдың басты симптомы болып табылады. Көңілді және қуанышты көңіл – күй күндерге, апталарға, айларға созылады. Науқас өзін бақытты сезінеді, күші және энергиясы тасып, ешқандай дерті және физикалық бұзылысы жоқ тәрізді болып, қоршаған ортадағы жайттардың барлығы қызықтырып, өмір сүруге құштар болады. Олар әр уақытта күлімдеп жүреді, көп қозғалып, көп сөйлеп, сөз тапқыш болып келеді.

Осы суреттелген көңіл – күй көтерілуі маниакальді – депрессивті психоздың маниакальды фазасында, кезеңді шизофренияда, орталық жүйке жүйесінің органикалық ауруларында кездеседі.

Көтеріңкі көңіл – күй вариантының бірі – эйфория деп аталады. Эйфория кезінде көңіл – күй шектен тыс шабытты жағдайға дейін көтерілмейді. Эйфория интеллектуалдық үрдістердің белсенділігімен және әрекет етуге талпыныспен көрініс бермейді.

Көңіл – күйдің төмендеуі

- Бұл көбінесе депрессивті жағдайларға тән, бұл жағдай науқастарда апат тәрізді субъективті күйзеліс байқалады. Жағдайдың негізгі белгісі ауыр қайғы – мұңмен көрінеді, кейде бұл жағдай өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізеді Мұң сезімі кейде аса айқындалады: науқастар жан ауыруына, жан немесе жүректегі ауырлық сезіміне шағымданады.

Апатия


- Бос эмоциональды күй, барлығына толық немқұрайлылық, эмоциональды топастық –дефицитарлы симптомға жатады. Апатия шизофрениялық үрдіске, тотальды органикалық деменцияға тән.

Дисфория

- Тітіркенгіштік, қаталдық, ызалылық, өзі мен айналасындағыларға көңіл толмаушылықпен, атылғыштықпен, агрессивті және күйрететін әрекеттерге бейімділікпен жүретін өзгерген көңіл-күй кезеңдері. Бұл жағдай теріс және оң эмоциямен көрінуі мүмкін

Абдырау

● Өзіндік сана және заттық сана бұзылысымен психикалық қызметтердің жедел бұзылысының дамуымен бірге жүретін шатасу жағдайы. Көздері кеңінен ашылған, кезбе көзқарас, сенімсіз қозғалыс, сұрамшыл сөз науқастың бар кескіні өз жағдайы мен болып жатқан жайтты түсінбейтіндігін суреттейді.



Қозғалыстық және еріктік
бұзылыстар

Ерік

- Бұл саналы, мақсатты психикалық белсенділік. З. Фрейдтің пікірі бойынша адамның жүріс-тұрысының мазмұнын сыртқы тітіркенулер емес әуестіктер анықтайды; әуестік барлық адамдарда бірдей және бірінші кезектегі, қарапайым қажеттіліктерді қанағаттандыруға жағдай жасайды.

- *Ерік қызметі ең алдымен қажеттілікпен байланысты, ешқашан одан тыс пайда болмайды. Адамның ерік қызметі әрқашан сана қызметіне тәуелді. Сана акты, оның мазмұны мен бағыты адам өмір сүретін нақты әлеуметтік – тарихи жағдайлармен детерминирленген, және адамның сеніміне, көзқарастарына, қызығушылықтарына, ойлары мен сезімдеріне тәуелді.*

- *Еріктік әрекет бір-біріне тікелей байланысты екі фазадан тұрады:*
- *1) әрекет етуге және шешім қабылдауға саналы талпыныстың дамуы*
- *2) қабылданған шешімді орындау*
- *Бірінші фаза таңдауға қатысты акт-саналы база беру және таңдау. Бұл фазада қанағаттанбаған қажеттілік (тағамдық, интеллектуалды және т.б) сәйкес эмоциональды күйзелістер мен ойлар туындатады, қажеттілікті қанағаттандыруға талпыныс пайда болады. Талпыныс әуестік немесе тілек түрінде көрініс беруі мүмкін.*


● **Әуестік** – нақты ой және саналы мақсаттармен байланысы жоқ талпыныс

● **Тілек** – нақты объектіге саналы талпыныс

Екінші фаза-қабылданған шешімді орындау- адамның тәжірибелік қызметіне тікелей қатысты.

Соңғысы қимыл арқылы іске асады.

И.М.Сеченов кез-келген психикалық акт, сыртқы тітіркедіргіштерге жауап қимыл арқылы іске асатынын көрсетті.

- 
- Клиникалық тәжірибеде зейін, әуестік патологиясын, қимылдық бұзылыстарды ажыратады